



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Бодан халық тілдері





Еуропада XIV ғасырда өзара бәсеке басталған. Сол бәсеке Еуропа шегарасынан өтіп, бүкіл Еуропаны қамтыды. Өздерінің арасында бір-біріне үстемдік көрсетеміз деп, экономика саласына да қол салды, көптеген елдерді өз боданына алды. Боданына алған Африка, Азия елдері оларды бағындыру механизмін қарастырды. Соның бірі – тіл мәселесі. Бір елде бір тіл болса, біркелкі психология қалыптасады. Бір елдің ынтымағына негізгі фактор болатын – тіл. Елдің ынтымағын жою үшін, ол елдің тілін бұзу керек болды. Мұны отарлаушы күштер жақсы білетін.

Әр елдің отарлауда түрлі әдіс, тәсілдері болған. Мәселен, Франция мен ағылшындардың отарлауда саясаты екі түрлі болған. Франция бір елді отарлау үшін сол елге барып психологиялық жағынан қысым түсіретін. Олар «Біз француздар сіздерден артықпыз, тіліміз сендердікінен жоғары, оны үйренуге мәжбүрсіздер» деген саясатын ашықтан-ашық жүргізетін. Ағылшындар болса, бір елдің ішіндегі тайпалар мен руларды, елдегі диалектілерді бір-біріне қарсы қойып, тілін бұзып, сөйтіп елді билеп төстеп алатын. Осының салдарынан тілде екі саясат қалыптасады екен. Біреуі – психологиялық, екіншісі – социалдық.

Психологиялық саясатта кемсіту болса, мәселен француздар қолданған саясатта социалдық саясатта ауылдық қоғамының психологиясы, қалалық қоғамның психологиясынан жеңіліс тауып, сол арқылы жергілікті ұлттық тілінен безіп, отарлаушы күштің тілімен сөйлейді.

XIX ғасырда Ресейде француз тілінде сөйлеуді мақтан тұтқан адамдар өздерін басқалардан жоғары санаған. Соларға қарап қалғандары да сол тілді үйренуге талпыныс жасайды. Французша білмейтін адамдар өздерін кемсітіп, өздерін солардан кем деп есептеген. Лев Толстойдың 1878 жылы жарық көрген «Анна Каренина» романында да автор буржуаздардың французша сөйлеуін суреттейді.

Француздар бір елді отарлағанда екі саланы қолға алуға тырысады. Біріншісі – саяси билік, екіншісі – экономика саласы. Саяси биліктегі адам мәселен, французша сөйлесе, халық та сол тілді үйренуге талпынады. Сөйтіп өз тілінен ажырап, отарлаушы елдің тілінде сөйлеуді қалайтын болады. Экономика саласын алсақ, француздар ақша айналымы бар жерлерді, бизнес саласының әр бөлігінде француз тілін енгізіп, басқалары амалсыздан күнкөріс үшін француз тілін үйренуге мәжбүр болады. Бұл француздардың өзге тілді өз тіліне бағындыратын әдісі. Сөйтіп, билік пен бизнесті өз тіліне бағындырады. Отаршыл күштердің бұл саясатты ұстанып отыратыны осы екі әдіс арқылы жергілікті халықты өзіне қаратады. Ағылшындар тікелей бір елдің ұлттық құндылығына тиіспейді, бірақ жанама түрде ішінде іріткі салып отырады. Сол салынған іріткі ұлт тұтастығын жояды. Тарихта ұлттардың жойылуы осы себептерден болған.

Тілді мәдени шаралар мен әскери күш арқылы жоюға да болады. Мәселен, әскери күш арқылы көптеген елдерді жаппай қыру арқылы тілдерін жойып отырды. Бұл әдістер сорақы Оңтүстік Америкадағы Кариб аралдарында орын алған. Базарға әкеліп сатқан құлдардың бір-бірімен араласып жүргендерін байқап, кейін әр елден әкелінген құлдарды бір-бірлерімен араластырып, бір-бірін түсіне алмайтындай етіп бөлген екен. Сөйтіп бір-бірін түсінбеген құлдар қалай болса да ымдап, кейін бір сөзбен т.с.с. сөйлесуге тырысады. Уақыт өте мұндай тіл креол тілі деп аталып кеткен. Креол тілі құлдар мен жұмысшылар арасындағы тілге, сонымен қатар, саудагерлер арасындағы тілге айналған.

Ағылшындар, Бельгия елдері отарлау саясатында бір елдің тілін мүлдем жоюға мүмкіндігі болмайды. Содан бір ғана аймақтың тілі етіп қалдырайық деген шешімге келеді. Олар тілдің қолданылу аясын тарылту саясатын ұстанды. Бұл тілді саяси билікке жақындатпады. Сол сияқты ақша айналымы бар жерлерде де бұл тіл қолданыстан шығып қалады.

Диалектіге мүмкіндік беріп, оны жоғары деңгейге көтеру әдісін Нигерия елінде «Хауса», шығыс Африкада «Сухани» тілін отаршылдар тарапынан қолдануға мүмкіндік берген. Ол тілдің өрісі өте жоғары кеңеймейді, бірақ, ұлттық тілдің өрісіне кедергі жасайды. Отарлау саясатының нәтижесінде тілдің ықпалы тарыла бастап, оның аясын белгілі бір шеңберге жинақтап, одан шығармайды. Кейін ол тіл үлкен саясатта, үлкен экономикада, технологияда т.б. биік жетістіктерде аталмыш тіл қолданысқа енбейді, тек қана ойын-сауықтың кіші әкімшіліктердің басқаруындағы тілі болып қала береді.

Бұны соңғы зерттеулердің қорытындысы деп есептеуге болады. Мұндай мысалдарды, фактілерді көптеп келтіруге болады. Соның бірі – жарнама мәселесі. Отарлаушы күш әрқашанда



өз тілін өте көркем, әсем, биік дәрежеде көрсетуге тырысқан, жергілікті тілді өте кіші, әлсіз етіп көрсетуді мақсат етеді.

Қазіргі заманда, ХХІ ғасырда ұлттық тілдердің жойылып кетуі, бір ұлтқа емес, бүкіл әлемге төніп тұрған қауіп. Тіпті орыстар да, француздар да өз тілінен айырылып қаламыз деп қорқады. Әлемде үлкен күрес болып жатыр, ол – ұлттардың тілін аман алып қалуы.

Ұлы зерттеуші «Адамзаттың өркениетін жасайтын механизм, ол – бәсеке, ал бәсеке болмаған жерде адамзаттың өркениеті өз биігіне, шыңына жете алмайды. Сондықтан бұл бәсеке болу үшін, әрбір ұлттың тілі, діні, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бүкіл ұлттық құндылығы болуы керек» – деп айтқан екен. Сонда ұлттардың арасында бәсеке болады, ұлттардың арасындағы бәсеке адамзаттың өркениетінің жаңаруына одан әрі өркендеуіне негіз болады.